

Венгриянын Будапешт каласында күрес түрлерінен әлем чемпионаты мәресіне жетті. Халықаралық жарыста қызылордалық балуан, облыстық жоғары спорт шеберлігі мектебінің спортшысы Айдос Сұлтанғали грек-рим күресінен сынға түсті. Мықтылар бас қосқан бәсекеде жерлесіміз қола медальді иеленіп, жерлестеріне жеңіс сыйлады. Жалпы, жарыста айтулы спорт түрінен Қазақстан құрамасынан екі спортшы ғана қола жүлдені еншіледі. Біреуі біздің жерлесіміз Айдос Сұлтанғали болса, екіншісі – шымкенттік Мейіржан Шермаханбет.



Былтыр ел намысын 8 спортшы қорғаған жарыста (Польша, Быдгощ, әлем чемпионаты) сырбойылық балуан ғана жүлдегер атанған еді. Сол уақытта спортшымен жедел сұхбат құрып, біраз жайтқа қаныққанбыз. Айдосқа қойылған сөзге сауалымыз “Алдағы жылдан не күтесіз? Қандай арманыңыз бар?” деп бағытталған болатын. Сонда білекті жігіт: “2018 жылы мені көптеген байрақты бәсекелер күтіп тұр. Солардың барлығында облыстың, еліміздің намысын абыроймен қорғасам деймін. Әсіресе, Азия ойындарында және әлем біріншілігінде топ жаруды мақсат тұтамын. Мен үшін әнұранды шыркатып, қок туды желбіреткеннен асқан бақыт жоқ. Арманым – отбасымның, елімнің сенімін ақтау” деп еді. Әрине, Айдос жеңіс тұғырынан қорінбесе де, ел мерейін үстем ете білді, ел сенімін ақтады.

60 келі салмақта бәсекеге шыққан балуан бірінші белдесуде Украина спортшысын 6:1 есебімен ұтса, одан кейінгі кездесуде Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері, Азия

ойындарынын чемпионы, жапониялык карсыласын 7:5, әлем чемпионы, 5-ші жабык Азия ойындарынын жеңімпазы кыргыз спортшысын 9:0 есебімен ұтты. Тек жарты-лай финалда гана ресейлік балуанга есе жіберіп алды. Кола медаль үшін болған кездесуде Солтүстік Кореялық карсыласынан айласын асырып, үшінші орынға ие болды.

Облыс тарихында 2005 жылы грек-рим күресінен ересектер арасында Ермек Кокетов әлем чемпионатында кола жүлдегер болса, онын жетістігін ізбасары Айдос қайталап келеді. Қазіргі таңда облыс-тын барлық аудандарында күрес түрлерінен секциялар жұмыс істейді. Айтулы спорт түрімен онірде 3000-нан аса спортшы айналыса-ды. Спортшылардын осы спорт түрлерімен айналысуга күрес түрлерімен спортшылар көптеп шұғылданатын Түгіскен (Жанакор-ған ауданы), Мәдениет (Жалағаш ауданы), Жанкожа батыр ауыл-дарында (Казалы ауданы) жанада-н спорт кешендері салынып, балуандарға мүмкіндіктер жасалды-.

*- Мықтылар бас қосқан жарыста жеңіс тұғырынан көріну үшін барым-ды салдым. Жалпы, әлем чемпионатына екінші рет қатысып отырмын. Өткен жылы Польшанын Быдгощ қаласында жастар ара-сында өткен әлем чемпионатында үшінші орынды алған болатынмын. Биыл ересектер арасында алғаш рет бағымды сынадым. Бұл жолы да еншіме- кола медаль бұйырды. Бұл жеңісімді туган жерім – Кызыл-орда қаласынын 200 жылдығына арнай-мын, - дейді Айдос балуан.*

Енді қызылордалық спортшы келесі жылы Астана қаласында грек-рим күресінен отетін әлем чемпионатына дайындалады. Айта кетейік, бұған дейін Айдос 2015 жылы жасоспірімдер, 2016 жылы жастар арасында Азия чемпионы, 2017 жылы жабык кешендегі Азия ойындарынын және әлем чемпионатынын кола жүлдегері атағын иеленген болатын.